

"Аралас теміржол-құбыр қатынасымен мұнай тасымалдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 31 қазандағы N 309-І және Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2003 жылғы 31 қазандағы N 215 бірлескен бұйрығына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2006 жылғы 6 ақпандағы N 29, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2006 жылғы 6 ақпандағы N 48 Бірлескен Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 11 ақпанды тіркелді. Тіркеу N 4084. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2012 жылғы 5 қазандағы N 670, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің 2012 жылғы 9 қазандағы N 161 бірлескен бұйрығымен

**Ескеरту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2012.10.05 N 670, ҚР Мұнай және газ министрінің 2012.10.09 N 161 бірлескен бұйрығымен.**

Аралас теміржол-құбыр қатынасымен мұнай тасымалдаудың өзара іс-қимыл жасау технологиясын жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ** :

1. "Аралас теміржол-құбыр қатынасымен мұнай тасымалдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 31 қазандағы N 309-І және Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2003 жылғы 31 қазандағы N 215 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2645 нөмірмен тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық, атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының бюллетенінде жарияланған, 2005 жылғы, N 15, 90-күжат) мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Аралас теміржол-құбыр қатынасымен мұнай тасымалдау ережесінде:

3-тармақ "туралы" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 23 желтоқсанда N 3294 нөмірмен тіркелген, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 23 қарашадағы N 429-І бұйрығымен бекітілген Жұк тасымалдау ережесіне сәйкес жүргізіледі." деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1-тармағымен толықтырылсын:

"7-1. Жаңадан салынған құбырларды толтыруға арналған және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тасымалдауға (экспортқа) арналмаған технологиялық мұнайды темір жол көлігімен тасымалдау жөніндегі қызметтер үшін төлем Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген облысаралық қатынастағы тарифтер (бағалар, алым ставкалары) бойынша жүргізіледі.

Бұл жағдайда Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, өз кезегінде, жаңадан салынған құбырларды толтыру үшін қажетті технологиялық мұнайдың көлемі туралы тасымалдаушыға (темір жолмен) хабарлайды және мұнайдың осы көлемі бұдан әрі Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге (экспортқа) тасымалданбайтынын жазбаша түрде растайды.";

мынадай мазмұндағы 8-1-тармағымен толықтырылсын:

"8-1. Жаңадан салынған құбырларды толтыру үшін қажетті технологиялық мұнайдың көлемін темір жол көлігімен тасымалдау барысында тасымалдау құжаттарын ресімдеу кезінде жүк жөнелтуші Жүк тасымалдау ережесімен көзделген тасымалдау құжаттарының жинағында "Жөнелтушінің айрықша өтініштері мен белгілері" деген бағанда "Құбырды мұнайдың технологиялық көлемімен толтыру үшін" деген белгі қояды.";

8-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) 4 "Жүк жөнелтушінің айрықша өтініштері" деген бағанда жүк жөнелтуші "Құбыр көлігімен экспортқа шығару үшін" немесе "Құбырды мұнайдың технологиялық көлемімен толтыру үшін" деген белгілер қойылады.".

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Қатынас жолдар комитеті (Н.Т.Байдәүлетов) осы бүйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі Ж.М.Қасымбекке және Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі Л.К.Кииновке жүктелсін.

4. Осы бүйрық ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Көлік және коммуникация  
министрі*

2006 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрі

2006 жылғы "—"

"Көлісілді"

Қазақстан Республикасының  
Табиғи монополияларды реттеу  
агенттігінің

2006 жылғы 9 ақпан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК